

Сөгәлі ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 11 шілдедегі № 1 "Сөгәлі ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сөгәлі ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 02 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 4156 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқарлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Сөгәлі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Сөгәлі ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 11 шілдедегі № 1 «Сөгәлі ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-118 тіркелген, 2011 жылғы 25 тамызда аудандық «Қобда» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауы мынадай жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Сөгәлі ауылдық округіне қарасты елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы» ;

шешімнің орыс тіліндегі атауы мен бүкіл мәтіні бойынша «аульного», «аула» сөздері тиісінше «сельского», «села» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК